


**ҚАЗАҚТЫҢ
ҚАҢАРМАН
ҚЫЗДАРЫ**



**Қазақ
тарихындағы
аналар**



Сақ патшайымы - Томирис

Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж.с. д. 570-520) – күнгей түркі сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі.

БОПАЙ ХАНЫМ

Бопай ханым. Қазақтың соңғы және заңды ханы Кенесарының туған қарындасы.

Әбілхайырдың әйелі. Кей деректерде оны "Бопай ханша" деп те атаған. Кезінде жар сүйіп, ана болған Бопайдың қазақ әйелдерінің қалыпты тұрмысына мойынсұнып, "отбасы, ошақ қасында" қалуы мүмкін-ді. Алайда жаратылысынан қайсар жан басқа тағдырды таңдады...



Зарина (б. б. 4 ғ-дың аяғы – 5 ғ-дың басы) – ежелгі сақ тайпасын билеген патшайым. Ол туралы тарихи деректер ежелгі дүние тарихшылары Диодор (б.Заринаб. 90 – 21), Ктесий жазбаларында кездеседі. Зарина есімі ежелгі Ассирия, Мидия елдерінің Азиямен байланысы тұсында айтылады. Мидия өзін бағындырғысы келген Парфия мемлекеті үшін сақ тайпаларымен соғысады да, Мидия ханзадасы Стриангия Заринаны жаралайды. Екі жақ та үлкен зардап шегеді. Ақыры олар келісімге келіп, дос әрі одақтас болуға уағдаласады. Осы оқиғалар тұсында сақ тайпасын басқарған патша Зарина болатын. Ол өзінің батылдығы, сұлулығы және ақылдылығымен дараланған. Сақ жеріне көз тіккен көрші патшалардың талайын жеңіп, ел тұрмысын жақсартқан, көптеген қалалар салдырған. Зарина тағдырына байланысты туған “Зарина және Стриангия” атты жыр да бар. Оның мазмұны бізге толық күйінде жетпесе де, қаһармандық эпос рухындағы туынды екені анық. Зарина өлгенде ел-жұрты оның басына үшбұрышты пирамида орнатып қастерлеген. Орыс тарихшысы В.Н. Татищев (1686 – 1750) құрастырған сөздікте Заринаның сом алтыннан жасалған ескерткіші жәйлі дерек бар. Заринаның ерлік істері көне түркі тарихы мен әдебиетіндегі «Қырық қыз» “Баршын қыз” секілді жыр-дастандар мазмұнына келіп ұласады.



Домалақ ана

Шын есімі Нүрилла – есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі. Түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Ол 1378 ж. Түркістан қаласында өмірге келген. Атасы Мақтым Ағзамның өсиетімен Домалақ ана он тоғыз жасында (1397) Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Ел ішіндегі деректерге қарағанда, оған «Дихнат мама» деген атауды түп тегі түрікпен Қара Хайдар деген кісі қойған. «Дихнат мама» – парсы сөзі. Қазақ тілінде «Әулие ана» деген мағына береді. «Дихнат мама» сөзі уақыт өте келе дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Одан тараған ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылымен ерекшеленіп, ел билеген. Жарықшақ деген ұлы Жетісу өлкесінің ұлысбегі болған. 1429 ж. Уәйіс хан қайтыс болып, әке тағына ұлы Есенбұға отырады. Сол күннен бастап Жарықшақ Есенбұға ханның бас уәзірі болады. Домалақ ана өмірінің соңғы жылдары Ташкент қаласында өтеді. Алайда ері Бәйдібектің түсінде берген аяны бойынша, өздерінің ескі қонысы Қаратауға барып тұруға қамданып, жол шегеді. 1456 жылдың жиырма сегізінші мамырында көш Балабөген өзенінің жағасына жеткен кезде Домалақ ана сол жерде намаз оқып тұрып көз жұмады. Өзінің тілегі бойынша Домалақ ана сол жазыққа жерленеді.

● Жат жұрттық аналарымызды әріден бастасақ, бірінші айтуға лайықтысы – Бөрте ханым.

● Бөрте ханым – Шыңғыс ханның бәйбішесі.

Қоңырат тайпасының қызы. Жалпы Шыңғысханның 50-ге тарта әйелі болған, 500-дей қызды ордасында ұстаған деген сөз бар.

- **Назым** – Қабанбай батыр мен Гауһар батырдан туған қаһарман қыз. Әкесімен бірге ХҮІІІ ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатынасып, отанын қорғаған. Назым қыз есімі және оның ерлігі жұртқа аңыз болып тараған.
- **Есенбике** – үйсін Қаратай батырдың қызы, Олжабай батырдың анасы, ХҮІІІ ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысқан жауынгер.
- **Айтолқын** – Абылай ханның қызы, ХҮІІІ ғасырдағы соғыстарға қатысып, ерлік көрсеткен.
- **Жандәлі** – Найман тайпасынан шыққан батыр қыз. Қазақ-жоңғар шайқасында ерлігімен бірге майданға шыққан.

● **Айбике** – ХҮІІІ ғасырда өткен атақты Бұланбай батырдың жары, барлаушы сарбаздар қолын басқарған ержүрек әйел. Ол қазақтың бас батыры, ағасы Қабанбайға Алтай, Ертіс, Тарбағатайдағы жоңғар жасақтарының жорық жайын біліп, жеткізіп отырған.

● **Ақбикеш** – ХҮІІІ ғасырдағы жойқын соғыстарда алыстан көретін қырағы қыз екен. Руы Алшын. Ол соғыста жау жасағын бақылап, оның бағытын қазақтарға хабарлап отырған. Қаратау өңірінде “Ақбикеш мұнарасы” деген ескерткіш бар.

● **Ботагөз** – Тама көкі Есет батырдың қызы. 1742 жылы әкесі Орынборға кеткенде елін қалмақ шауып, жылқысын қуып әкетеді. Ботагөз 150 сарбазды бастап барып, жауын тұтқындап, жеңіспен оралған.

● **Сапар** – Әкесінің аты Мәтен, руы Табын. Кейде есімі Сапура деп те аталады. ХҮІІІ ғасырдағы Е.Пугачев соғысында аты аңызға айналған батыр қыз. Аңызда “Көктемір” “Көрінбес” деген атпен дәріптелген қаһарман қыз өзін Е.Пугачев ізбасарымын деп жариялап, азаттық көтерілісті одан әрі жалғастыруға үндеген.

● **Бақты** – әкесі батыр болған текті жердің қызы екен. Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқаның бәйбішесі. ХІХ ғасырдың орта кезінде Бақты қыз батыр әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршылдарына қарсы күресіп, барлаушылық қызмет атқарған.

● **Қойсана** - /ХҮІІІ-ХІХ ғ./ Тарақты Байғозы батырдың қызы. Сардар Шұбыртпалы Ағыбай батырдың анасы. Ер Ағыбайға екіқабат кезінде елінің жылқыларын қуып кеткен барымташыларға қуып жетіп, аттан түсіріп, байлап әкелген. Ауылға келген соң қарақшылар басшысы “бізді аттан түсірген әйелдің күші емес, оның ішіндегі баланың күші” деген екен. Көп ұзамай Қойсана Ағыбай батырды туыпты.


● **Қыз Данай** – Кіші жүз қызы, Таз руындағы Төремұрат батырдың әйелі. /XIX ғ./ Сүймеген адамға еріксіз қосылған Данай сұлу, өз ерлігімен Төремұратқа қосылады. Кейін батыр жігіт түркімендер қолына түсіп соғыста қаза табады. Қыз Данай тұтқыннан қашып шығып өз еліне жетеді. Атақты күйші Құрманқазының Қаз Данайға арнаған бірнеше күйі бар.

● **Ақбикеш ана** - /XVIII ғ./ Найман Бағаналы елінің қызы, Арғын Әйдерке Сұлтанның әйелі, қазіргі Жылқыайдар Солтан руының анасы. Мырза Ақбикеш атанған. Өзі перзент көтермеген соң, еліне төркіндеп барып, жақын сіңілісі Мақпалды ерлік, батылдық істерімен қалап алып, өз еріне әкеліп қосқан.

- **Еңлік** – Матайдың Төртқара – Байқонды деген тармағынан шығаратын Қарабатыр – Ықан деген кісінің қызы. Қыз алу, қыз беру дәстүрін бұздыңдар деп, ру басылары екеуін ат құйрығына сүйретіп өлтірген. Бұл туралы Шәкәрім «Еңлік-Кебек» дастаны, Мұхтар – «Еңлік -Кебек» пьесасын жазған.
- Қаракесек руының «Қарқабат» деген ұраны да ана атымен аталған. **Қарқабат** – Мейрамсопының кіші әйелі, Болатқожаның шешесі.

● **Гауһар батыр.** Арғын Бәсентиін Малайсары батырдың туған қарындасы, Қаракерей Қабанбай батырдың жары. ХҮІІІ ғасыр басындағы қазақ-жоңғар соғысында қанды жорықтарға қатынасып айрықша ерлік көрсеткен. Соғыста түрлі тәсілдер жасаған. Мысалы, түйелер өркешіне найза байлап, соғыс алаңына әкелгенде, жау жағы қазақтарға қосылуға әскер күші келіп қалды деп, қаша жөнелген. Батыр қыз олардың шебін асау түйелермен бұздырып, дүние-мүліктерін таптатып өткен.

- **Айғыз Көшкінбаева** – (1876-1918) – Азамат соғысына қатысқан, Аягөз ауданында туған. Сергиопольдегі қорғанысқа қатысып, жаралы жауынгерлерге көмек көрсеткен, тамақ тасыған. Колчак әскерлері Айғызды азаптап өлтірген. Жазушы Қ.Исабаев «Айғыз» атты роман жазды.



**XX ғасырдың
басындағы Қазақ
руханиятындағы
аналар үлесі**

**Құлжанова Нәзіпа
Сағызбайқызы (1887-1934) педагог,
этнограф, аудармашы, журналист**



XX ғасырдың басында өз халқын ілімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист.

Н. Сағызбайқызы 1888 жылы Торғай облысы, Жангелдин ауданында қазіргі «Торғай» кеншары жерінде дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылында, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогі, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебін бітірген. 1902 жылы Қостанай қаласының Қыздар гимназиясын бітіріп, 1903-1904 жылдары қайта Торғай қаласына келіп, өзінің жастығына қарамастан 15 жасында әйелдер училищесінде мұғалімнің көмекшісі болып еңбек еткен. Одан кейін Орынбор қаласындағы Мұғалімдер семинариясын бітірген. 1905-1920 жылдары сол Семей Мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызметте болған.

● Алма Оразбаева (28.12. 1898, Бөкей ордасы (28.12. 1898, Бөкей ордасы, — 1948, Жамбыл, Луговая станциясы) — мемлекет (28.12. 1898, Бөкей ордасы, — 1948, Жамбыл, Луговая станциясы) — мемлекет және қоғам қайраткері. Жұмысшы отбасында дүниеге келген. Ордадағы 1 кластық орыс-қазақ мектебінде сауат ашқан. 1909-11 ж. Симбирскідегі чуваш мектебінде оқиды. Әкесінің қайтыс болуына, қаражат тапшылығына байланысты оқуын аяқтай алмай, елге оралып, алдымен Ордадағы жаңадан ашылған 2 кластық қыздар мектебінде оқиды. Кейін осындағы жоғарғы бастауыш ерлер мектебі жаңындағы 2 жылдық курсты





Сара Сәтбайқызы Есова (1903, [Қызылорда облысы Сырдария ауданы](#) — 1984, [Алматы](#)) — қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1967). 1919 жылы [Орынбордағы](#) педагогикалық училищені бітіріп, [Қызылорда](#), [Ташкент](#) қалаларында мұғалім болған. 1921 — 22 жылдары жауапты партия, комсомол қызметін атқарған. 1922 — 25 жылдары [Жетісу губерниясы](#) партия комитетінің органы [“Тілші” газетінің](#) редакторы, 1925 — 32 жылдары Қазақстан өлкелік партия комитетінің әйелдер бөлімінде нұсқаушы, [“Әйел теңдігі” журналының](#) редакторы, Халық ағарту комиссариаты жанындағы саяси ағарту басқармасы бастығының орынбасары, Халық ағарту қызметкерлерінің республикалық кәсіподақ комитетінің төрайымы болды. 1932 — 37 жылдары [Алматыдағы марксизм-ленинизм](#) институтының тарих бөлімінде оқыды. 1937 — 38 жылдары [ҚазПИ-де](#) ҚазПИ-де (қазіргі [АлМУ](#)) жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі болды. 1939 — 73 жылдары [Республикалық орталық мұражайда](#) жұмыс істеп, соңғы 17 жылында оның директоры қызметін атқарды. Есова құрметті демалысқа шыққаннан кейін [Ұлттық кітапхананың](#) сирек басылымдар бөлімінде жұмыс істеп, кеңес дәуіріне дейін жарыққа шыққан қазақ кітаптары туралы шежірені құрастыруға қатысты.

Шолпан Иманбаева (1904, мамыр, [Ақмола облысы](#), [Қорғалжын ауданы](#), [Майбалық ауылы](#) – 18.9.1926, Ақмола) – қазақ ақыны.

1923 жылы Ақмола қаласында сауат ашу курсына оқыған. Оны бітірген соң қаладағы балалар коммунасында тәрбиеші болып қызмет істейді. Осы кезден бастап шығармашылыққа ден қойып, өлкелік әйелдер курсына өз өлең-жырларын жиі оқып жүреді. “*Жолаушы мен жұмыскер*” деген алғашқы өлеңі 1923 жылы “Еңбекші қазақ” (қазіргі “[Егемен Қазақстан](#)”) газетінде жарияланды. Кейін “Қызыл Қазақстан”, “Әйел теңдігі” журналдары мен “Жас қайрат” газетінде саяси-әлеум. тақырыптағы өлеңдері жарық көрді. Шығармалары 1927 жылы “Таңдамалы өлеңдер” деген атпен [Қызылорда](#) қаласында басылып шықты. Иманбаева өз тұсындағы қазақ әйелдерінің мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлады (“Қоңыр қаз”, “Қазақ әйеліне”, “Жолдасыма”, “Апайға” т.б.), жастар мен ғылым-білім тақырыбына өлеңдер арнады (“Жеттік міне”, “Біздің Сәуле”, “Жас ініме”, “Жас қайратқа” және “Жастарға” т.б.), қоғамдағы ұнамсыз құбылыстарды өткір сынға алды (“Бұлбұл мен қарға”, “Зейнепке”, “Жәкең жаман сасады”). Иманбаева өлеңдері мазмұнының өткірлігімен, тілінің көркемдігімен ерекшеленеді.



Дулатова Гүлнар Міржақыпқызы - журналист, әдеби мұраларды жинаушы. Алаш қайраткері М.Дулатовтың қызы. Ол 1915 жылдың Орынбор қаласында туған. 1939 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген. 1939-1987 жылдары дәрігер-дерматолог қызметін атқарған. [□] Г. Міржақыпқызы «Алаш» қозғалысының қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, т.б. туралы деректерді алғаш жариялаушы. Алматыдағы Орталық мұражайға, Торғайдағы, Қостанайдағы, Семейдегі, Астанадағы мұражайларға саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты олардың жеке заттарың кітаптар, суреттер, хаттар мен құжаттар, т.б. көптеген экспонаттар тапсырған. Баспасөзде Г.Міржақыпқызының очерктері мен эсселері 1988 жылдан бастап жариялана бастады. 1995-1999 жылдары «Свет истины» («Шындық шырағы») екі томдық кітабы жарық көрді. Сондай-ақ, Гүлнар әкесінің «Оян, қазақ!» кітабын, екі томдық шығармалар жинағын, бестомдық шығармалар жинағын құрастырушыларының бірі



**Қаһарман қыз
Хиуаз Доспанова**
1922 жылы
Құрманғазы
ауданындағы
Зормата ауылдық
кеңесінде дүниеге
келген. Қазақтан
шыққан алғашқы
ұшқыш жауынгер
қыз жайында кезінде
1940-1950 жылдарда
аз жазылған жоқ.

● Әлия Молдағұлова (1924-1944)

● Әлия Модағұлова (шын есімі Ілия) Нұрмұхамедқызы (20.4.1924, Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында туған, 15.5 1944, Псков облысында Новосокольники ауданында Казачиха деревнясында ерлікпен қаза болған.

Санкт-Петербург және Мәскеу қалаларындағы және көптеген облыстардағы ондаған мектептер, көшелер Молдағұлова есімімен аталады. Новосокольники, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында және туған ауылында ескерткіш орнатылған. Ақтөбе қаласында Молдағұлованың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді. Мәскеудің №891 орта мектебі жанында мұражайы бар. Оның өмірі мен ерлігі жайлы ақындар Я.Хелемский «Әлияның жүрегі», С.Жиенбаев «Әлия» дастандарын, жазушылар Ж.Жұмақанов «Әлия Молдағұлқызы», Ә. Нұрмаханова «Шығыс шынары повестерін жазды».

● Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Новосокольники ауданының Монакова ауылында жерленген.

Әлия есімімен көшелер, ондаған мектептер (Мәскеудегі № 891 орта мектебі, Шымкенттегі № 29 орта мектебі, Новосокольники № 72 орта мектебі, Оралдағы № 38 орта мектебі), Әскери-теңіз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы аталған. Ақтөбе, Астана, Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербург, Новосокольники қалаларында ескерткіштер орнатылған. Ақтөбеде облыстық мемориалды музей жұмыс жасайды





● МӘНШҮК МӘМЕТОВА

- Мәншүк 1922 жылы Гурьев облысы Орда ауданында туылған. Азан шақырып қойған аты Мәнсия. Бес жасынан бастап оны әкесінің немере інісі Ахмет Мәметов және әйелі Әмина асырап алған. Үлкен қара көзі, пысықтығы, ширақтығы үшін олар баланы еркелетіп «Моншағылым» деп атады. Өзінен атын сұрағанда, бала «Мәншүк» деп жауап берген. Солай аты Мәншүк боп қала берді.

Мектепті бітіргенне соң Мәншүк медицина институтына оқуға түсті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк 18 жаста болатын. Ол соғысқа бару, Отанын қорғау туралы шешім қабылдады. Өтінішінде: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз», деп жазған. Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1-ші наурызында немес басқыншыларымен соғысу майданындағы қолбасшының әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны үшін, көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Мәншүк соғысқа аттанған Алматы қаласына Кеңес Одағының түпкір – түпкірлерінен алғыс хаттар барды. Невель қаласында Мәншүк атында көше бар.



Патшайым Тәжібаева - қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы геолог-ғалым



Қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы геолог-ғалым Патшайым Тәжібаеваның туғанына биыл 90 жыл толады. 71 жыл жасаған жасампаз тұлға ғылыммен қоса қоғамдық қызметтерге белсенді араласты. Бірнеше мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, ел тағдырына қатысты жауапты жұмыстардың басы-қасында жүрді.

Геология тұтастай бір ғылым десек, соның ішіндегі іргелі бір сала литология. Міне сол литологияның негізін қалаған қазақ қызы Патшайым Тәжібаева екенін бүгінде біреу білсе біреу білмес. Кезінде осы табысымен ақ Кеңестер одағының халқын таңғалдырған ол ОҚО тумасы. Ташкенттегі Орта Азия университетін бітіргесін 1947-жылы 27 жасында Геология институтының табалдырығын аттады. Дала кезіп туған жердің тау-тасын зерттеді. Қаныш Сәтбаевтай қазақ ғылымының қаранарынан тәлім алды. Шөгінді жыныстар мен рудалардың ерекшелігін екшеп-зерделеп, ұстаз салған соқпақты даңғылға айналдырып бақты.

Сәбит Досанов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Мысалы мына Құмкөлді ашуда бұл кісінің еңбегі зор. Құмкөлде мұнай бар деп бұрғылатқан кезде сол жерден мұнай шыққан. Содан кейін Жезқазғанды Қ. Сатпаев зерттеді ғой соны арамен қарай жалғастырған. Қай жерде никел, қай жерде мыс қоры бар бәрін зерттеп Қаныш ашқан кен орындарына қоса жаңадан кен орындарын ашқан.

Роза Тәжібайқызы Бағланова – қазақ әншісі (сопрано), КСРО халық әртісі (1967 ж.), Халық қаһарманы (1996 ж.).

1922 жылдың 1-қаңтарында Қызылорда облысының Қазалы қаласында туған.

1939-1941 жж. Қызылорда педагогика институтында оқыды.

1941-1949 жж. Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші-солистік қызмет атқарды. Сол ансамбльмен Ұлы Отан Соғысы жылдары майданда өнер көрсетіп, 1945 ж. 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан.

Р. Бағланова Кеңес сазгерлерінің, Кеңес Одағы халықтарының, сондай-ақ шетел халықтарының (моңғол, чех, швед, венгр, қытай, корей, үнді, т. б.) әндерін орындайды.


Әнші Австрия, Ауғанстан, Бельгия, Бирма, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасында, Қытай Халық Республикасында, Корей Халық Демократиялық Республикасында, Канадада, Үндістанда, Чехословакияда және т.б. елдерде концерттік сапарда болды.

Ленин орденімен, медальдармен марапатталған



РОЗА БАГЛАНОВА
В КИНО-КАРТИНЕ
«ЮНОСТЬ МИРА»






**1986 ЖЫЛҒЫ
Желтоқсан
оқиғасының
Батыр қыздары**

АСАНОВА ЛӘЗЗАТ 1970 жылы 27-шілдеде Талдықорған (қазіргі Алматы) облысы, Панфилов ауданы, Ақжазық (қазіргі Айдарлы) ауылында дүниеге келді. Жастайынан зерек болған Ләззат мектепті үздік бітіріп, Алматыға оқуға келген.

1985 жылы Алматыда П. Чайковский атындағы музыкалық училищеге оқуға түскен қазақтың қайсар қызы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны болды. “Мінезі тік екен, бөлмесіндегі қыздармен қақтығысып қалып, жатақхананың бесінші қабатынан құлап өлді” дегенге Ләззаттың анасы Алтынай Асанова әлі күнге дейін сенбейді. Анасының айтуынша, сол кездегі 16 жасар (екінші курс) қызының өлімі — әлі күнге дейін жұмбақ.

Л. Асанова 1986 жылы 17-18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы азаттық көтерілісіне белсене қатысқан. Ол Орталықтың билеп-төстеуіне наразылық білдіріп, қаладағы Брежнев алаңына (қазіргі Республика алаңы) алғашқы болып барушылардың қатарында **“Қазақтар! Кіріптарлық құлдықта өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміздің тәуелсіздігін жеңіп алған кезде ғана азат бола аламыз!”** деген ұранмен жастарды жігерлендіріп жүрді.






COURTESY PHOTO

Сабира Мухамеджанова 1970 жылы 1-қаңтарда Ақмектеп ауылында дүниеге келді. Ол 5 баланың ішінде сүт кенжесі еді. 1977 жылы Ақмектеп ауылындағы «Ленин жолы» орталау мектебіне 1-сыныпқа қабылданды. Мектепке алғаш барған күндерінен бастап Үлгілі тіртібімен сабақты жақсы оқумен көзге түседі.

1986 жыл. Қазақстан Комунистік партиясын көп жылдар басқарған қазқтың біртуар азаматы Д.А. Қонаевты ешбір негізсіз орнынан алып, оның орынына бұл республикада өмірі болмаған Г. Колбинді қоюы сол кездегі кеңес үкіметінің солақай саясатының бірі еді. Бұл оқиға бойында азаматтық намысы бар азаматтарды тебіrentпей қоймады.

Алматыда болған жастардың бейбіт шеруі қазақ ұлты аз тұратын Өскемен қаласына да жетпей қоймады. Облыс орталығындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті және жол құрылыс институты мен Сабира оқыған Өскемен педучилищесінің жастарына да әсер еткені анық.




Қазак
прозасындағы
аналар бейнесі

Зере (1785-1873) - Өскенбай бидің бәйбішесі, Құнанбай қажының анасы, Абайдың ұлы шешесі. Зеренің азан шақырып қойған аты - Тоқбала. Әкесі Бектемір Найман ішінде Матайдың Қойгел руынан шыққан сыйлы адам. Бектемірдің Тоқбала есімді қызы, Жанәлі есімді ұлы болған. Жанәлінің бұрпағы - Иранғали мен Қабікен Оңғарбаевтар бүгінде Семей қаласында тұрады. Өскенбай би 5 әйелінен 10 бала сүйген. Зереден - Құттымұхамбет (жастай қайтыс болған), Құнанбай, Тайбала туған Зерені Ырғызбай тұқымдары, барша ауыл адамдары «Кәрі әже» деп атапты. Қартайған шағында құлағы естімей қалған Зере немерелеріне дұға оқытып, үшкіртеді екен. Ал Абай өлеңмен оқып Зере әжесін үшкіретін болыпты. Зере немерелері ішінде Ибраһимді алабөтен жақсы көрген. Абайды қойнына алып жатқызып, еркелете-еркіндете есірген ақылды, зейінді, жұмсақ мінезді, мейірімді Зере немересіне Абай деген аяулы ат қойса, туған анасы мен кіші шешесі Ибраһимді - Телғара деп атаған. Ізгі жүректі, үлкенге қамқор, кішіге пана бола білген Зере әже Абай өміріне, ақындығына иіс әсерін тигізеді. Бұл туралы [М.М. Әуезовтың «Абай жолы»](#) роман-эпопеясында шынайы суреттелген. Зере 1873ж. баласы Құнанбайдың үйғаруымен Жидебай қыстауының қасына жерленген. Абай аулының азаматтары 1986ж. қабір айналасын қайтадан жөнге келтіріп, ана бейітінің басына Шығыс үлгісімен алты қырлы мавзолей орнатқан.



Ұлжан (1810-87) - Құнанбайдың екінші әйелі, Абайдың анасы. Арғы атасы Орта жүз Қаракесектен тарайтын Шаншардың Нұрбике деген әйелінен туған Бертiс биден: Мөшке, Битен, Шитен деген немерелері өрбиді. Битеннен - Қантай, Тонтай, Тұрпан, Тұрпаннан - апалы-сіңлілі Ұлжан, Молқара дүниеге келеді. Ұ-нан: Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан туады. Ұ. өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған. Абай анасының осындай асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өскен. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында **Ұлжанның** бейнесі тамаша жасалған.



**Бүгінгі
қоғамдағы
аналар**



Дönenбаева Кәмшат Байғазықызы (15.09.1943 жылы туылған, Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы) — ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан қайраткер, тың игеруші, танымал механизатор, Социолог Еңбек Ері (1975). Еңбек жолын Ұзынкөл элеваторында жұмыс істеуден бастаған. Қостанай облысының Мендікара ауданындағы “Каменск-Каменск-Каменск-Уральский” кеңшарында механизаторлар даярлайтын курсты (1968), Қостанай ауыл шаруашылық техникумын бітірген (1977). 1961 жылдан “Харьковский” кеңшарында тракторшы болып еңбек еткен. 1972 жылы әйел механизаторлар арасында өткізілген облыстық жарыста 1-орынға, республикалық жарыста 3-орынға, 1973 жылы зерноградта (Ростов облысы) бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болды. 1973 жылы 26579 га, 1974 жылы 38158 га, 1975 жылы 37199 га жұмсақ жер жыртып, жылдық міндеттемесін асыра орындады. Қазақ қыздарының ауыл шаруашылық техникаларын меңгеруіне үлгі-өнеге болды. 1990 — 93 жылдары осы кеңшарда қауіпсіздік техникасының инженері, 1993 жылдан шаруа қожалығын басқарады. 1980 — 85 жылдары КСРО Жоғары Кеңесінің Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976). 2 рет Ленин орденімен, “Күрмет Белгісі” орденімен марапатталған.



1939 жылдың 5 желтоқсанында Гүрьев (қазіргі Атырау) облысы, Новобогат ауданына қарасты Манаш ауылында туған.

1961 жылы Гүрьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, Балықшы ауданының Еркінқала, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы қазақ мектептерінде ұстаздық еткен.

1966-1968 жж. Гүрьев облыстық "Коммунистік еңбек" газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкер болып істеген.

1968-1970 жж. республикалық "Лениншіл жас" газетінің Ақтөбе, Гүрьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілші қызметін атқарған.

1970-1978 жж. республикалық "Қазақстан пионері" газетінің бас редакторы, 1978 жылғы желтоқсаннан "Пионер" журналының бас редакторы болып істеген.

Алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1958 жылдан бастап шыққан. Әр жылдары 20-дан астам өлеңдер жинақтары, очерктері, таңдамалы шығармалары, "Біздің Камшат" повесі, аудармалары "Жазушы", "Жалын", "Молодая гвардия" баспаларынан жарық көрді.

Орыс, туысқан республикалар ақындарының, Чили ақыны П. Неруданың жырларын, кейбір драмалық шығармаларды қазақ тіліне аударған. Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алуымен ерекшеленеді. "Жүрек еенеің..." деген өлеңіндегі төмендегі жолдарды оқыған кезде азаматтық сарын, ар-ождан тазалығына тәнті боласыз.

Алматы. 19 желтоқсан. Алматы әкімі Ахметжан Есімов "Қазақстанның еңбек ері" деп аталатын жаңа мемлекеттік марапаттың тұңғыш иегері Аягүл Миразовамен кездесті.

Аягүл Миразова білім саласында 36 жыл бойына еңбек етіп келеді, қазіргі кезде Ыбырай Алтынсарин атындағы № 159 гимназияның директоры.

Елбасы атап өткендей соңғы он жыл ішінде оның 56 түлегі «Алтын белгіні» иеленді, ал 35 түлегі "Болашақ" бағдарламасы бойынша шетелде білім алуда. Ол басқарып отырған гимназия республикалық «Үздік мектеп» байқауының жеңімпазы.

Алматы әкімі Аягүл Түреқызын осынау жоғары наградасымен құттықтап, еңбекте зор табыстар тіледі.

«Сіздің бұл жоғары наградаңыз - мемлекет пен еліміздің бүкіл ұстаздар қауымының еңбегіне берілген баға. Сіздің өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесіңіз ұшан- теңіз», - деді Ахметжан Есімов.





Сабыркүл Жайлаубекқызы

Асанова (28.2.1944 жылы туған, Жамбыл облысы Мерке ауданы Мерке ауылы) –

инженер-технолог, техникалық ғылым докторы (2004), профессоры (2009), Халықаралық инженері (2007) және ҚР инженер академияларының академигі (2008), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2006).

Мәскеу тоқыма институтының механика-технология факультетін бітірген (1969). Мәскеу «Трикотажница» фабрикасында инженер (1969–1972), Алматы қаласындағы «Алмагүл» фабрикасының бас инженер (1972–1984), «Қазақстан» фирмасының директоры (1984–1986), Қалалық туристік басқармасының бастығы (1986–1990), 1990 жылдан «Сымбат» сән академиясының президенті, ал 1998 жылдан «Сымбат» сән бизнес академиясының ректоры. 2003 жылы «Разработка комплексного проектирования и технологии производств национальной одежды» деген тақырыпта докторы диссертация қорғады.

Асанова 145-тен астам ғылым еңбектің авторы

Роза Қуанышқызы Рымбаева - әнші. Қазақстанның халық әртісі, халықаралық конкурстардың лауреаты. 28 қазанда 1957 жылы Семей облысы Жаңғызтөбе станциясында туған. 1974 жылы Семейдегі музыкалық училищеге түсті, мұнда 3 жыл оқыды. Бұдан кейін Алматыдағы театралдық-көркем өнер институтында оқып, оны 1984 жылы тәмамдады Алматы қаласындағы театрлық көркемдік институттың музыкалық драмалық комедиясы факультетін бітірген. 1976-1979 жж. Республикалық “Гүлдер” жастар - эстрадалық ансамблінің солисі, 1977 ж «Алтын Орфейді» жеңіп алды. 1979 жылы - “Қазақконцерт” бірлестігі жанындағы “Арай” эстрадалық ансамблінің солисі. Әншінің халықаралық белгілі болуы С. Бәйтерековтың “Әлия” әнін орындауынан басталады. 1979 жылы Роза Рымбаева Ыстамбұлда өткен халықаралық әншілер байқауында лауреат атанды, 1983 жылы Кубада өткен «Гала – 83» халықаралық байқауда бас жүлдені жеңіп алды. 29 жасында Қазақстанның халық әртісі атанды. Оның орындауындағы казак композиторлары Т. Ерешевтің “Гүлдене бер, туған жер”, Н. Тілендиевтің “Куә бол”, Б. Байқадамовтың “Айгөлек”, Ж. Тұяқбаевтың “Атамекен”, Т. Сарыбаевтың “Отандастар” әндері тыңдаушылардың үлкен ықыласына бөленген. “Бір бала”, “Сәулем-ай”, “Кебек”, “Назқоңыр”, “Әгугай” және т. б. сияқты халық әндерін ол өзіндік ерекшелікпен орындайды. Р. Рымбаева сондай-ақ, киноактриса ретінде де танымал. Әли және Мәди атты екі баланың анасы. 2001 жылы «Парасат» орденімен марапатталынды. 2004 жылы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.





**Зейіндеріңізге
рахмет!**